

## **Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорымен ынтымақтастықта**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «МЕДИА ДАМЫТУ ҚОРЫ» корпоративтік қорымен ынтымақтастықта танымал қазақстандық журналист Бейсен Құранбектің атындағы «Жігер» сыйлығында қатысу үшін өтінімдердің қабылдауын хабарлады.

Бейсен Құранбектің журналистік қызметіндегі ұстанымдарын барынша толық көрсете білген жұмыстар естелік мүсіншесімен марапатталатын болады. Сол арқылы жас журналистердің одан әрі дамуы мен олардың журналистік қызметін қолдауына және әлеуметтік маңызды мәселелерді қозғап жүрген БАҚ өкілдерінің одан әрі дамуына бағытталған.

Байқауға республикалық, өңірлік телевизия, баспа, интернет басылым, ақпарат агенттіктерінің, жаңа медианың жас кәсіби және кәсіби емес журналистері және БАҚ фотографтары, блогерлер қатыса алады.

Бейсен Құранбек атындағы сыйлығының жеңімпаздары өңірлік және орталық БАҚ, облыстық, қалалық, аудандық мерзімді баспа басылымдары мен телерадиокомпанияларда жұмыс істейтін журналистер (штаттық және штаттан тыс қызметкерлер), сондай-ақ фотографтар мен блогерлер бола алады.

Жеңімпаздар қазылар алқасының дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады, оның мүшелері саланың көрнекті қайраткерлері мен кәсіпқойлары болады.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстанның мәдениет қайраткері Бейсен Құранбек 2020 жылдың 18 мамырында ұзақ уақыт айықпас дерттен соң өмірден озды.

# **БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕКТИҢ АТЫНДАҒЫ «ЖІГЕР» СЫЙЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## **1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ.**

1.1. Қазақстандық телевизияның танымал журналисті Бейсен Құранбек атындағы "Жігер" сыйлығы - журналистік шеберлік үшін байқау негізінде берілетін кәсіби сыйлық болып табылады.

1.2. Бейсен Құранбек атындағы "Жігер" сыйлығы (бұдан әрі – Сыйлық) 2020 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі "Медиа Дамыту қоры" Корпоративтік қорымен ынтымақтастықта құрылған (одан әрі - Ұйымдастырушылар).

## **2. СЫЙЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МҮДДЕСІ**

2.1. Бейсен Құранбек атындағы "Жігер" сыйлығының мақсаты - жас журналистердің одан әрі дамуына қолдау көрсету, әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды жариялаумен айналысатын журналистер мен БАҚ қызметін ынталандыру.

2.2. Сыйлықтың негізгі міндеттері:

- Бейсен Құранбектің журналистік шеберлігінің идеялары мен принциптерін насихаттау;
- БАҚ қызметкерлерінің шығармашылық өзін-өзі дамуы мен кәсіби өсуі үшін моральдық және материалдық ынталандыру жасау;
- Журналистік қоғамдастықта жаңа перспективалы есімдерді анықтау.

## **3. СЫЙЛЫҚ ҚАТЫСУШЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. Сыйлыққа қатысуға келесі тұлғаларға рұқсат етіледі:

- 18-ден 35 жасқа дейінгі жеке ізденушілер-аймақтық және орталық БАҚ, облыстық, қалалық, аудандық мерзімді баспа басылымдары мен телерадиокомпанияларда жұмыс істейтін журналистер (штаттық және штаттан тыс қызметкерлер);

- блогерлер/ қауымдастық әкімшілері, 5К / 50к кем емес аудиториясымен (достарымен);

3.2. Сыйлық қатысушылары сыйлық өткізу шеңберінде презентацияларға, қайырымдылық іс-шараларға және баспасөз конференцияларына тартылуы мүмкін.

3.3. Сыйлыққа қатысушы ұсынылған материалдардың заңды құқықтары үшін толық жауап береді. Номинант туралы ақпарат өтінімді толтыру кезінде қолданған орфографиямен және пунктуациямен жарияланатын болады.

#### **4. СЫЙЛЫҚ НОМИНАЦИЯЛАРЫ**

4.1. Сыйлық келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- Әлеуметтік тақырыптағы үздік ТВ сюжет;
- Әлеуметтік тақырыптағы үздік мақала;
- Әлеуметтік тақырыптағы үздік жарияланым (әлеуметтік желідегі);
- Әлеуметтік тақырыптағы үздік фотосурет.

4.2. Әрбір номинация бойынша үздік жобалардың бірінің жеңімпаздарына эксклюзивті мүсіншелер, дипломдар мен демеушілерден материалдық сыйақы беріледі.

#### **5. МАТЕРИАЛДАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

5.1. Бейсен Құранбек атындағы "Жігер" сыйлығы қатысушыларды алдын ала іріктеусіз бір турға өткізіледі.

5.2. Қатысуға 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап эфирге шыққан, соның ішінде Интернетте жарияланған баспа және электрондық тіркелген БАҚ-тарда жарияланған бір автордың бір жұмысы ұсынылады.

5.3. Ұсынылған материалдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін Ұйымдастырушылар қазылар алқасын құрады және бекітеді. Біліктілік талаптарына сәйкес келетін қатысушылардың материалдарын бағалауды сараптамалық бағалау әдісімен қазылар алқасы жүзеге асырады.

БАҚ материалдарын бағалау критерийлері (1-ден 5 баллға дейін):

- Болжамды номинация форматына сәйкестігі;
- Азаматтық ұстаным тұрғысынан әлеуметтік маңызы бар шеберлік деңгейі;
- Материал берудің жаңашылдығы мен бірегейлігі, мазмұндаудың кәсіби шеберлігі мен публицистикалық шеберлігі;
- Жарияланымдардың сапасы (тұжырымның, сандардың, фактілердің дәлдігі);
- Фотосуреттердің арнайы әсерлері авторлық құқықтарды бұзбай, 30% аспауы керек.

5.4. Жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

5.5. Қажет болған жағдайда қазылар алқасы әр номинацияға қосымша талаптар қоя алады.

## **6. СЫЙЛЫҚТЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ**

6.1. Өтінімдер 2020 жылдың 26 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданады.

6.2. Қазылар алқасы ұсынылған материалдарды бағалайды және үздік жұмыстардың авторларын іріктеп, оларды "жеңімпаз" деп анықтайды.

6.3. Салтанатты марапаттау рәсімі 2020 жыл маусым айының соңына дейін онлайн –форматта өтеді.

## **7. СЫЙЛЫҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТІ**

7.1. Сыйлық өткізуді үйлестіру Ұйымдастырушыларға жүктеледі.

7.2. Сыйлық өткізу кезінде Ұйымдастырушы қатысушылар жіберген жұмыстардың, қатысушылар мен сыйлық жеңімпаздарының тізімі енгізілетін мәліметтер базасын құрады.

7.3. Ұйымдастырушылар өз жұмысында осы Ережені басшылыққа алады.

## **8. СЫЙЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

8.1. Мәлімделген жұмыстарды бағалау үшін Ұйымдастырушылармен Сыйлықтың қазылар алқасы құрылады.

8.2. Қазылар алқасы ізденушілерді қарауды, талдауды және сараптамалық бағалауды жүзеге асырады.

8.3. Қазылар алқасының құрамына Ұйымдастырушылардың өкілдері, отандық медиа саласының кәсіпқойлары, ғылым және қоғам қайраткерлері, сыйлық демеушілері (серіктестері) кіреді.

8.4. Қазылар алқасының құрамын сыйлық ұйымдастырушылары бекітеді. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.

## **9. СЫЙЛЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

9.1. Іріктеу қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

9.2. Марапаттауға лайық материалдар болмаған жағдайда, қазылар алқасы Ұйымдастырушыларға жүлделі орындарды бермеуді ұсынуға құқылы.

9.3. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды ресми марапаттау ҚР БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында өткізіледі.

9.4. Қазылар алқасы белгілеген сыйлық жеңімпаздарын дипломдармен, мүсіншелермен және демеушілерден материалдық сыйақымен марапаттайды.

## **10. МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Сыйлықтарға қатысу үшін осы Ережеде белгіленген мерзімнен бұрын немесе кеш жарияланған материалдар, сондай-ақ бұрын жарияланған материалдардың қайта басылуы қабылданбайды. Ұсынылған материалдар коммерциялық сипатта болмауы тиіс.

10.2. Конкурстық материалдар [info@mdq.kz](mailto:info@mdq.kz) электронды поштасына «Конкурс» белгісімен жолданады.

10.3. Конкурстық жұмыстардың тілі – қазақ, орыс.

10.4. Электрондық басылымдарда өтінімдерді қабылдау критерийлері:

- Материалдар MP4, full HD форматында қабылданады;
- Баспа материалдары үшін символдардың ең аз саны 5 000;
- Бейнематериалдардың хронометражы кемінде 3 минут болуы тиіс;
- Фотосуреттер 2398x3602 пиксельдер максималды кеністігімен болуы керек;

10.5. Байқау материалдары рецензияланбайды және қайтарылмайды. Конкурсқа берілген материалдар толық немесе ішінара бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ [www.mdq.kz](http://www.mdq.kz) сайтында және басқа да дереккөздерде жариялануы мүмкін.

Қосымша ақпарат +7 775 332 08 00 телефоны арқылы (Бибігүл Құламан)